

ҚАЗАНАМА

Белгілі қоғам қайраткері, өңірдің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ардақты азамат, Катонқарағай ауданының Құрметті азаматы Фрунзе Елғазыұлы Жақсылықовтың өмірден озуына байланысты оның отбасы мен туған-туыстарына, барша жерлестеріне қайғыра көңіл айтамыз.



Фрунзе Елғазыұлы 1931 жылы Катонқарағай ауданының Өрнек ауылында дүниеге келген. Ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде балалық шақтан еңбекке араласып, әкесін майданға аттандырғаннан кейін оқуын уақытша тоқтатып, Маймер кенішінде жұмыс істеді. Ерен еңбегі Ұлы Жеңіске қосылған үлес ретінде «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Өзінің саналы ғұмырын туған жерінің өркендеуіне арнаған ол ұстаздық жолдан бастап, комсомол мен партия жұмысының түрлі сатысынан өтті. Солдатово ауылындағы мектепте математика пәнінің мұғалімі болып еңбек етіп, кейін Үлкен Нарын аудандық комсомол комитетінің екінші, одан соң бірінші хатшысы лауазымдарында қызмет атқарды. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды.

Фрунзе Елғазыұлының еңбекқорлығы мен ұйымдастырушылық қабілеті шаруашылық жұмыстарында да айқын көрініс тапты. Ұзақ жылдар бойы Самар ауданындағы Жамбыл атындағы ұжымшарда төраға және төраға орынбасары болып қызмет атқарып, ауыл шаруашылығын дамыту ісінде айтарлықтай жетістіктерге жетті. Бұл қажырлы еңбегі «Еңбек Қызыл Ту» орденімен атап өтілді.

1973 жылдан бастап партия тарапынан сенім білдіріліп, Самар аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, кейін Күршім аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жемісті еңбек етті. 1985 жылдан облыстық халықтық бақылау комитетінде жұмысын жалғастырып, өңірдің дамуына аянбай қызмет етті.

2008 жылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесі үшін Фрунзе Елғазыұлына Катонқарағай ауданының Құрметті азаматы атағы берілді.

Өнегелі өмір жолы мен еңбектегі жарқын іздері ел жадында мәңгі сақталады. Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына ауыр қайғыларына ортақтасып, сабыр мен төзім тілеймін.

Жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын!

Нұрымбет Сақтағанов *Шығыс Қазақстан облысының әкімі*

Денис Рыпаков *Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының төрағасы*

Жақсылық Омар *Шығыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары*

Ербол Нұрғалиев *Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары*

Дархан Сапанов *Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары*

Бақытжан Байахметов *Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары*

Ерлан Текешов *Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының басшысы*

Айтқазы Шерубаев *Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы*

2025 жылдың 17 мамырында «Дигам» ЖШС «Зайсан-Ертіс облысаралық балық шаруашылығы бассейндік инпекциясы» РММ – мен Көкпекті балық инспекциясы басқармасының мамандарымен бірге, «Таза су айдындары» табиғатты қорғау акциясы аясында санитарлық тазалау жұмыстарын өткізді. Жұмыс барысында бес автокөлік, екі қайық және 20 адам жұмылдырылды. 1,7 тонна тұрмыс қалдықтары мен балық аулау торлары шығарылды.

«Гранд Фиш» ЖШС әуесқойлық және спорттық балық аулауға көктемгі-жазғы тыйым салу мерзімі аяқталғанын хабарлайды.

Кәсіпорын Өскемен су қоймасының жалға алынған екі учаскесінде табиғатты пайдалануды жүзеге асырады және өңір тұрғындарына қолданыстағы заңнамаға сәйкес рұқсат етілген балық аулау үшін жолдама сатып алуды ұсынады.

Қорықшылардан анықтамалар мен жолдамалар: 8 (705) 497-00-07, 8 (705) 305-70-61.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ
ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

- Жобаның атауы:
 - «Алтын өндіру зауытының қалдық қоймасын, 489 биіктікке дейінгі қалдық қоймасының 4 учаскесін қайта құру» жоспарланған іс-шараның ықтимал әсерлері туралы есеп.
 - Аумағына әсер ету мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі:
 - Секисовка а., Секисовка а.о., Глубокое ауданы, ШҚО.
 - Бұрыш нүктелерінің координаталары: 1) 50° 20' 29" се 82° 36' 7" шб 2) 50° 20' 42" се 82° 36' 22" шб 3) 50°20' 35" се 82° 36' 46" шб 4) 50° 20' 25" се 82° 36' 46" шб.
 - Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін жері, күні және басталу уақыты:
 - ШҚО, Шлубокое ауданы, Секисовка а.о., Секисовка а., Шоссейная көш., 21 (Үй мәдениетінің ғимараты), **01.08.2025 ж. сағат 10:00.**
 - Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:
 - «ГРП BAURGOLD»ЕЖШС, БСН 980940000877, ШҚО, Глубокое ауданы, Секисовка а., Новостроевская көш., 10, тел.: +7 (72331) 2-79-25, e-mail: office@grps.com.kz.
 - Ықтимал әсерлер туралы есеп авторының мәліметтері мен байланыс деректері:
 - «Проектный центр «ПРОФЕССИОНАЛ» ЖШС, БСН 141140017741ШҚО, Өскемен қ., 3-ші Кең шолға, 21, тел.: +7 777 495 09 75, e-mail: pсprof@mail.ru.
 - Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен танысу үшін, Бірыңғай экологиялық порталға және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсына сілтемесі;
 - Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі – <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> «Ашық кездесулер» бөлімі;
 - ЖАБ сайты «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ («ШҚО ТР және ТПРБ» ММ) – <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі.
 - Көзделіп отырған қызмет, өткізілетін қоғамдық-тыңдаулар туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға үшін электрондық мекенжайы мен телефон нөмірі:
 - эл.мекенжай: pсprof@mail.ru и kaioldina@grps.com.kz;
 - телефондар: +7 777 495 09 74, +7 705 144 84 80, +7 778 797 72 97.
 - Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда жіберетін электрондық мекенжайы мен пошта-лық мекенжайы:
 - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі – «Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» РММ: vko-ecoderp@ecodeo.gov.kz, ШҚО, Өскемен қ., Потанин көш., 12, тел. 76-76-82, факс 8(7232) 76-55-62;
 - ЖАБ «ШҚО ТР және ТПРБ» ММ:g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz, ШҚО, Өскемен қ., К. Либкнехта, 19, тел.: 8 (7232) 25-72-06, + 771 377 07 68.
- Zoom кездесуіне қосылыңыз:
<https://us06web.zoom.us/j/89006603488?pwd=6puuqfv4JaQVM8r0oUq3Vh0bAG2Jxf.1>
Конференция идентификаторы:890 0660 3488
Кіру коды:980005

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Казцинк-Энерго» ЖШС (заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Гастелло көшесі, 9, пошталық индексі: 070002) **2025 жылғы 15 шілде күні сағат 10.30-де Өскемен қ., Гастелло к-сі, 9 мекенжайында** 2025 жылдың жарты-жылдығы қорытындысы бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, электр энергиясын жеткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында қызметтің тиімділік көрсеткіштеріне қолжеткізу туралы есеп өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулардың онлайн трансляциясына сілтеме:

Жиналыс Microsoft Teams
https://teams.microsoft.com/l/meetup-join/19%3ameeting_ZjAyYzYyZjgtODQ3MC00MTI4LTg1MGMtYzk0MWYxZDk5OTRk%40thread.v2/0?context=%7b%22Tid%22%3a%22c9a8e948-bf0d-4f8d-9e9d-551ac1b45a48%22%2c%22Oid%22%3a%221b4a65b5-b0df-4929-9f27-3e3f8e332a1d%22%7d

Жиналыс сәйкестендіргіші: 381 067 543 646 2
Passcode: 9Hw6jP7g

ҚҰТТЫҚТАУ

Өскемен қаласының тұрғыны, қадірменді немереміз **Латипов Самат Маратұлы**н туған күнімен құттықтаймыз!

*Он үш жасқа толдың, бүгін, құлыным,
Кемелденіп келе жатыр ұымың.
Қайда жүрсен жолықсын да даңғыл жол,
Биік болсын тірліктегі тұғырың.*

*Тұрсың тұңғыш мүшеліңді толтырып,
Шапқылай бер, басқан ізді жол қылып.
Қай кезде де жақсылықты мақсат тұт,
Өміріңде болмасын еш олқылық.*

*Күн туса да көзден жасты тамызған,
Бас тартпаймыз біз әкелік парыздан.
Ақыл толып, бәрін ұғар көз келер,
Өміріңе еңер сонда нағыз мән.*

*Әрқашанда айтқан сөзде тұратын,
Азамат бол, сарқылмасын қуатың.
Денің сау боп, ұзақ ағұмыр кеше бер,
Орындалсын барша мақсат-мұратың!*

Шын көңілден тілек білдіруші: әкесі Марат, атасы Рақымберді мен апасы Гүлфану, туыстары.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдары Өскемен қаласы әкімдігінің «Үлбі» халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін қалалық аумақтық орталығы» КММ, Өскемен қаласы әкімдігінің «Қиын өмірлік жағдайдағы адамдарды әлеуметтендіру» КММ 2025 жылғы 1 шілдеден 31 шілдеге дейін, 2024 жылғы 1 қазаннан 2025 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңге сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетінін хабарлайды.

Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі: тел. 208557, электрондық пошта ozisr_uka@mail.ru

«Үлбі» халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін қалалық аумақтық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: тел. 777354, эл. пошта sentr_ulba@mail.ru

«Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталық» КММ: тел. 8 (72331) 3-10-10, электрондық пошта resoc@gu-csa.kz

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті «Өскемен әуежайы» АҚ қатысты тергеп-тексеруді бастады.

2022-2024 жылдар кезеңінде және 2025 жылғы қаңтарда облыс аумағында авиаотынды бөлшек саудада өткізудің тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйін жоспардан тыс талдау нәтижелері негіз болды.

Талдау қорытындысы бойынша «Өскемен әуежайы» АҚ-ның іс — әрекеттерінде Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 174-бабының 1) тармақшасында көзделген монополияға қарсы заңнаманы бұзу белгілері анықталды-монополиялық жоғары (төмен) бағаларды белгілеу және қолдау бөлігінде.

Бұзушылықтардың бар-жоғын растайтын немесе жоққа шығаратын объективті деректерді алу мақсатында тергеп-тексеру рәсімі басталды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«EastCopper» ЖШС «Қоршаған ортаның жағдайы және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкі – <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде «Шығыс Қазақстан облысындағы Тарбағатай мемлекеттік табиғи қамалы аумағының шекараларын өзгертудің (ұлғайтудың) жаратылыстану-ғылыми негіздемесі» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы мекенжайында өткізіледі. Жоба келесі ауылдық округтерді қамтиды: Айнабұлақ а/о, Кеңсай а/о, Шілікті а/о.

Жобалық құжаттама порталда 26 маусымнан бастап 20 жұмыс күні ішінде, сондай-ақ «Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында танысу үшін қолжетімді болады.

Ескертулер мен ұсыныстар көрсетілген кезеңде порталдың функционалы арқылы қабылданады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «EastCopper» ЖШС, БСН: 180640023997, 160000, Шымкент қ., Әл-Фараби ауданы, Төле би көшесі, зд. 25, телефон: +7 (725) 255 1314, 87751760147, e-mail: eastcopper17@gmail.com

Әзірлеуші: «АСТРА Инжиниринг» ЖШС, БСН 190240007358, Алматы қ., Әуезов ауданы, ш / а. Ақсай-5, 25 үй, 534 пәтер, телефон: +7 (701) 180 8050, e-mail: astra.engineering.kz@gmail.com.

Катонқарағай ауданының құрметті азаматы, ел ағасы, абыз ақсақал **Жақсылықов Фрунзе Елғазыұлының** өмірден өтуіне байланысты марқұмның отбасына, туған - туыстарына қайғыра көңіл айтамыз.

Ұлағатты еңбек жолы мен елге сіңірген еңбегі мәңгі жадымызда сақталады.

Жатқан жері жайлы, иманы саламат болсын.

Д.Дүйсембаев, Б.Болаев, Р.Карабалинов, Ә.Шапенов, Қ.Кулжынов, Ж.Тыныбеков, А.Ахметова, А.Байгунусов, Д.Қалибеков

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ:

8 (7232) 75-28-22, 87772397682 MARKETING@ALTAINNEWS.KZ